

**Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева
Факультет журналистики и политологии
Кафедра политологии**

**МӘНГІЛІК ЕЛ – ОБЩЕНАЦИОНАЛЬНОЕ
ЕДИНСТВО, МИР И СОГЛАСИЕ**

*Материалы - Международной
научно-практической конференции
(г. Астана, 2017г.)*

УДК 378:327(063)

ББК 74.58+66.4

М 36

Ответственный научный редактор Нечаева Е.Л.

К.п.н., профессор

Редакционная коллегия:

Копежанова Д.Е., Дюсембекова М.К., Жанпейсова Қ.Д.

Мәңгілік Ел – Общенациональное единство, мир и согласие: сбор.матер. VI-
Межд. науч.-прак. конф.– Астана, ТОО Мастер По, 2017.- 174 с.

ISBN 978-601-301-928-4

Сборник материалов международной научно-практической конференции содержит доклады ученых, докторантов, магистрантов и студентов казахстанских и зарубежных вузов.

В нем рассматриваются ключевые аспекты социальных и политических процессов Евразийской интеграции, социально-коммуникативные технологии и инновационные процессы в обществе.

В материалах сохранен авторский стиль. Материалы сборника предназначены для широкого круга научной и научно-педагогической общественности, могут быть использованы в теории и практике прикладной политологии и международных отношений.

Ответственность за аутентичность и точность цитат, имен, названий и иных сведений, а также за соблюдение Закона об интеллектуальной собственности несут авторы публикаций и научные руководители.

УДК 378:327(063)

ББК 74.58+66.4

ISBN 978-601-301-928-4

© Кафедра политологии
ЕНУ им.Л.Н. Гумилева, 2017

внимание к проблеме, но и систематизирует представление населения об особенностях проявления терроризма в Израиле.

Несомненно, изучение и последующее применение зарубежного опыта, в том числе и опыта Израиля по борьбе с терроризмом, позволит расширить возможности для антитеррористической работы.

Список использованной литературы:

1. Dror Y. Global Peril/The Jerusalem Post Magazine . June 16, 1972;
2. Dror Y. Grazy States: A Counter conventional Strategic Problem. Lexington, 1971.
3. The War Against Terrorism. Interview with former Army Intelligence Chif Aharon Yariv/ The Jerusalem Post Magazine. August 17, 1973;
4. Netanyahu B.Terrorism: How the West Can Win// Terrorism. How the West Can Win.Edited by B.Netanyahu Farrar Straus Giroux, 1986;
5. Спецслужбы Израиля / <http://www.agentura.ru/dossier/izrail/>;
6. Нечипоренко О. Вся планета прифронтовая зона // Известия. 2010. 5 июля;
7. Терроризм – взрывы, сотрясающие мир. http://observer.materik.ru/observer/N7_2006/7_11.HTM;
8. Гулевский А., Ежова Е. О методах борьбы с терроризмом: социально-философский анализ проблемы //Актуальные проблемы борьбы с преступлениями и иными правонарушениями. - №2. – 2014. - с.28-31, с – 28;
9. Петрищев В.Е. Антитеррористическое законодательство за рубежом // Современный терроризм: состояние и перспективы / Под ред. Е.И. Степанова. – М.: Эдиториал УРСС, 2000. – С. 222–224
10. Рыжов И. Вестник Нижегородского университета им. Н.И. Лобачевского, 2007, № 2, с. 273–278 –С.274;
11. Зарубежное военное обозрение. - 2014. - №4. - С. 34-39.

**Бауржанұлы Әділхан
Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ
«Саясаттану» мамандығының
2 курс студенті
г. Астана, Қазақстан**

(Ғылыми жетекші: аға оқытушысы Ибраев Е.Е)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘСКЕРИ-ӨНЕРКӘСІП КЕШЕНІ

Тәуелсіз 25 жыл ішінде Қазақстанда қандай қорғаныс саясаты және әскери-өнеркәсіп кешені қалыптасты деген сұрақтар жиі қойылады. Себебі, елдің қарулы күштері – бұл қауіпсіздік пен бейбітшіліктің нысаны. Мықты

қорғаныс саясатын ұстанған мемлекеттер экономикалық, әлеуметтік, саяси жағынан жоғарғы шыңдарға жетеді. Алдымен, «қорғаныс саясаты» сөзінің мағынасын ашуымыз керек. Әскери (қорғаныс) саясат – бұл әскери істер саласындағы мемлекеттің жалпы саясатының құрамдас бөлігі, мемлекеттің әскери қызметті басқару өнері [1].

ҚР қорғаныс саясатының негізгі тірегі – еліміздің қарулы күштері. Тәуелсіз Қазақстанның Қарулы Күштері 1992 жылдың 7 мамырында құрылды. Алғашқы қорғаныс министрі етіп Кеңес Одағының Батыры, «Халық қаһарманы», армия генералы Сағадат Нұрмағамбетов тағайындалды. Бұл күн Қазақстан Республикасының Отан қорғаушылар күні болып қалды.

Қарулы Күштер агрессияға тойтарыс беруге, Қазақстан Республикасының аумақтық тұтастығы мен егемендігін қару-жарақпен қорғауды қамтамасыз етеді. Қарулы күштер Құрлық әскерлері, Әуе қорғаныс күштері және Әскери-теңіз күштерінен құрылған [2].

Қазіргі күнде Қазақстан қуатты, заманауи әскері бар мемлекеттердің бірі және Глобалды әскери күш рейтингінің (Global Firepower) 126 мемлекетінен 53 орынды алып отыр. Порталдың есептеуінше, елімізде 18 миллион 157 мың 122 тұрғын болса, оның 6 миллион 440 мыңы әскерге жарамды. Жыл сайын орта есеппен 245 мың адам отан алдындағы борышын өтеуге шақырылады. Елімізде 110 мың адам белсенді әскери мамандар болса, 378 мың адам резервте тұр. Ал, қорғаныс бюджеті 2 млрд 435 млн долларды құрайды. Global Firepower рейтинг жасау кезінде елдің технологиялық жабдықталуы, экономикалық жағдайы және географиялық орналасуы секілді 50 түрлі факторды ескерді. Сондай-ақ танктер, ұшақтар мен әскери кемелердің саны есепке алынған екен [3]. Сонымен, мұндай орынды иелену – қарулы күштеріміздің Бас Қолбасшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың және ҚР Қорғаныс Министрлігінің мол сіңірген еңбегі.

Қорғаныс саясатын дамытып келе жатқан кез келген мемлекет өзінің әскери-өнеркәсіп кешенін құрып, ұлттық қарулы күштерін отандық қару-жарақпен қамтамасыз етеді. Әскери-өнеркәсіп кешені (военно-промышленный комплекс) дегеніміз - ірі әскери-өнеркәсіп монополияларының және милитаристік реакциялық державалардың мемлекет аппараттарының одағы [4]. Яғни, мемлекет аумағында қару-жарақты, әскери техниканы жасаумен және жөндеумен айналысатын әскери кәсіпорындарының жиынтығы. Әдетте, әскери кәсіпорындар мемлекеттің немесе жеке меншік компаниялардың қолында болады. Сонымен қатар, заң бойынша рұқсат етілген мемлекеттерге әскери компаниялардың өз қаруын экспортқа жіберуіне толықтай құқығы бар. Сөйтіп, әскери-өнеркәсіп кешені мықты, заманауи, мобильді әскерді құрумен қатар, мемлекеттің жалпы ішкі өнімін (ВВП) көтеріп, экспорттық потенциалын жоғарлатады.

Қазіргі күнде әлемнің танымал әскери-өнеркәсіп кешендері Америка Құрама Штаттары, Ресей Федерациясы, Франция, Германия, Ұлыбритания,

Италия, Қытай Халық Республикасы, Израиль, Түркия, Корей Республикасы сияқты мемлекеттерде аса қарқынды дамып келе жатыр. 2013 жылғы 100 ірі әлемдік ӘӨК компанияларының тізімі бойынша 1 орынды АҚШ-тың әскери әуе техникасын шығарумен айналысатын «Lockheed Martin Corporation» иеленіп тұр. Осы тізімге жоғарыда айтылған елдермен қатар Жапония, Швеция, Үндістан, Сингапур, Украина, Бразилия, Норвегия, Австралия, Финляндия, Испания, Швейцария, Канада сияқты мемлекеттердің әскери-өнеркәсіп компаниялары жатады [5]. Сөзсіз осы мемлекеттер әлемнің өндіріс, экономикалық, әскери саясаты жағынан үздік, мықта державалар болып келеді. Ондай елдердің қатарына кіру – еліміздің басты мақсаттарының бірі.

Қазақстан аумағында қандай әскери-өнеркәсіптер бар және олардың жетістіктері жайлы мағлұматтар халық арасында аса белгілі емес. Себебі, Қазақстанның әскери-өнеркәсіп кешені кеңестік дәуірде дүниеге келсе де, бірақ қазіргі күнде әлі де жас, пісіп жетпеген, толықтай қалыптаспаған болып келеді. Қазақ КСР аумағында 50-ге жуық қорғаныс өнеркәсібінің кәсіпорындары орналасты. Қазақ жері кеңестердің ядролық, химиялық және басқа да жаппай қырып жоятын қаруларын сынақтан өткізуге қолайлы болды. Сөйтіп, мемлекетімізде Семей ядролық полигоны, Байқоңыр ғарыш айлағы, Сары-Шаған әуе қорғаныс полигоны, химиялық қаруларды сынақтан өткізетін Арал теңізіндегі Возрождение аралы және т.б. құрылды. Жалпы Қазақстанда аумақтың 7 пайызын алатын 8 ірі сынақ полигондары өз қызметін атқарды. Республикада әскери-теңіз күштерге, танктерге қару мен құрал-жабдықтар, ракеталық жүйелер, ПВО жүйесінің компоненттері өндірілді. Қазіргі бағаларға сай қазақстандық ӘӨК 1-1,5 млрд долларға дейінгі әскери өнімдерді шығарды [6]. КСРО құлауымен осы зауыттардың көбісі өмір сүруін тоқтатты, жабдықтары көршілес Ресейге жіберілді.

Тәуелсіз Қазақстанның қарулы күштерін құруымен қатар оларды жаңа қару-жарақпен қамтамасыз ету міндеті маңызды болып келді. Алдыңғы қатарға отандық, яғни Қазақстан Республикасы аумағында шығарылған қару-жарақ, әскери техника мен жабдықтар қойылды. Бұл дегеніміз – кеңестік әскери кәсіпорындарды жаңғыртып, оларға екінші өмір беруін керектігін көрсетті. Сонымен қатар, өз елінде өндірілген қару-жарақ әрдайым арзан, сапалы, тиімді болып келетінін әлемдік практикадан анық көрінді.

Қазақстандық әскери-өнеркәсіп кешенін құру және дамыту мақсатымен 2003 жылдың 13 наурызында Қазақстан Республикасы Үкіметінің №244 Қаулысының негізінде «Қазақстан инжиниринг» (Kazakhstan Engineering) Ұлттық компаниясы құрылды. Оның құрамына Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Қорғаныс-өнеркәсіп кәсіпорындары мен әскери зауыттар компаниялары қосылды [7]. Бұл еліміздің қорғаныс саясатының тарихын жаңа беттерімен толықтырған ірі қадамдар болды. Жаңа құрылған компанияның басты мақсаты мен міндеттері – Қазақстан Республикасының қорғаныс, әскери потенциалын күшейтіп, ұлттық қарулы күштерін мен құқық

қорғау органдарын отандық әскери техникамен қамтамасыз ету болды. Кейін отандық әскери қару-жарақты шет елдерге экспортпен жіберіп, Қазақстанның әлемдік әскери аренада зор орынға ие болуын мақсат етілді.

Қазіргі күнде «Қазақстан инжиниринг» Ұлттық компаниясы АҚ-ы «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қорының құрамына кіріп, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің, Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің басшылығымен қызмет атқарады. Республиканың ең ірі әскери кәсіпорындарындағы бірегей қаржылық, өндірістік және технологиялық саясатты қамтамасыз ететін холдингтік құрылым болып табылады. Компанияның жарғылық капиталы 21 476 802 (жиырма бір миллиард төрт жүз жетпіс алты миллион сегіз жүз екі мың) теңгені құрайды. Компанияның құрамына еліміздің әр аймақтарында орналасқан барлығы 27 кәсіпорын кіреді [7].

«Қазақстан инжиниринг» Ұлттық компаниясының құрамы еншілес ұйымдар, бірлескен кәсіпорындар, тәуелді ұйымдар және 10% кем үлесі бар ұйымдардан тұрады. «Қазақстан инжиниринг» Ұлттық компаниясының құрамына кіретін ең маңызды, ірі әскери-өнеркәсіптік кәсіпорындары:

1. «832 КИ Автожөндеу зауыты» АҚ (Алматы) және «811 КИ Автожөндеу зауыты» АҚ (Ерейментау) - автомобиль, көлік құралдарын капиталды жөндеумен және модернизациядан өткізумен айналысатын кәсіпорындар.

2. «Семей инжиниринг» АҚ. 2011 жылы украиндық әріптестермен бірлесіп, «Семей инжиниринг» акционерлік қоғамының өндірістік қуатын жаңарту шаралары басталды. Нәтижесінде, бұл жерде 2012 жылдан бастап Т-72 танктеріне күрделі жөндеу жасаланып жатыр. Биыл Астанада өткен «KADEX-2016» халықаралық әскери көрмеде Т-72 «Шығыс» деп аталатын заманауи модернизациядан өткен танктер ұсынылды.

3. «Петропавл ауыр машина құрастыру зауыты» - Қазақстанның ірі машина құрастыру кәсіпорындарының бірі болып табылады. 1948 жылғы 5 қарашада Одақ Министрлер Кеңесінің №4137-1658 Қаулысымен машина жасау кәсіпорны болып құрылды. Бұрын әскери-өнеркәсіптік кешен бола тұрып, «ПЗТМ» АҚ шығарылатын өнімнің сапасына қатысты ең үздік тәсілдерді сақтап қалған. 1993-1995 жылдары зауытта шығарылған «Точка-У» зымыран кешендерімен Қазақстанның Қарулы Күштері жарақтанды.

4. «С.М.Киров атындағы зауыт» АҚ – әскери және арнаулы техниканың қаруларын, амуниция мен оқ-дәріні жасаумен айналысады. 1942 жылы құрылған болатын. Шығарылатын әскери өнімдері: 53-65КЕ торпеданың негізінде модернизациядан өткен мобильді су түбіндегі мина, қуаттылығы орташа «Қарағай» радиостанциясы мен «Ақтерек» радиорелелік станциясы, әр түрлі полигондық жабдықтар және т.б. Мәселен, «Қарағай» мен «Ақтерек» станциялары әскери сынамалардан сәтті өтті және халықаралық «KADEX-2016» қару-жарақ пен әскери-техникалық мүлік көрмесінде ұсынылып,

мамандардың жоғары бағасына ие болды. Радиостанциялар тың жана цифрлық байланыс қондырғысымен жабдықталған және жоғары экспорттық әлеуетке ие. Ал зауытта шығарылатын полигондық жабдықтар кез келген уақытта жеке құрамның жауынгерлік даярлық тапсырмасын орындауға мүмкіндік беретін ұтқыр, берік, жеңіл орнатылады әрі пайдалануда ыңғайлы.

5. «Омега» аспапқұрылыс зауыты» АҚ - кеме механизмдері мен аспаптарын басқаратын жүйелер мен комплекстерді шығаруға маманданған, КСРО-ның кеме өндірісінің Министірлігінің құрамына кірген зауыты 1972 жылы Орал қаласында құрылды. «Омега» аспап құрылыс зауыты» АҚ конверсияның нәтижесінде кеңінен қолданылатын өнімдерді өндіруде кәсіби қадағалаудың жақсы дәстүрін сақтаған, «қорғаныстың» қатардағы өкілі болып табылады.

6. «Тыныс» АҚ – Көкшетау қаласындағы 1959 жылы қаланған машина жасау саласындағы ірі кәсіпорындарының бірі. Кәсіпорын авиация саласына қажетті 45 түрлі өнім өндіреді. Өнімнің негізгі тұтынушылары – Ресейдің, Украинаның, Белоруссияның және Өзбекстанның авиация құрылыс және жөндеу кәсіпорындары. Қазіргі күні зауыт ҚР Қарулы күштеріне арналған әскери аммуниция, бронды кеудешелерді жасаумен айналысады.

7. «ҒЗИ Гидроаспап» АҚ – 1972 жылы Орал қаласында құрылған. Қазақстанның Каспий теңізіндегі әскери-теңіз күштері мен ҰҚК Шекара қызметіне арналған жоғары жылдамдықты катерлер «Сағым», «Сапсан», «Шағала», «Қарлығаш», «Құйын» және т.б. теңіз бен өзен техникасын өндіреді.

8. «Зенит» Орал зауыты» АҚ – әскери теңіз кемелері мен катерлерін өндірумен айналысатын қазақстандық ӘӨК-нің ең ірі кәсіпорны. 1941 жылы құрылып, 1 дәрежелі Отан соғысы орденімен марапатталды. 2012 жылы *Қорғаныс министрлігі зымыранды-артиллериялық кеме жасауға берілген тапсырысы бойынша тұңғыш «Қазақстан» деп аталатын зымыранды-артиллериялық кеме суға жіберілді. 2013-2014 жылдары заманауи жабдықталған «Орал» және «Сарыарқа» зымыранды-артиллериялық кемелері Қазақстанның Әскери-теңіз күштеріне тапсырылды. Бұл жауынгерлік кемелер Каспийдің қазақстандық бөлігін күзету мақсатындағы тапсырмаларды шешуге және жауынгерлік патруль жүргізуге пайдаланылады.*

9. «Қазақстандық авиациялық индустрия» АҚ – 2016 жылдың мамырында Астана қаласында құрылған жаңа, авиациялық-әскери орталық. Ол жерде Ан және С-295 типіндегі әскери ұшақтарға техникалық қызмет көрсету жүргізіледі. Орталықтың басшылығы өз кадрларын дайындауға үлкен мән беретінін айта кетейік. Ол үшін мамандар тобы Испаниядағы «Airbus Military» оқу орталығына, екінші топ Украинадағы «Антонов» мемлекеттік кәсіпорнына, ал 3-топ Израильге техникалық қызмет көрсету және жөндеу бойынша меңгеру және тәжірибе жинақтау үшін оқуға аттанады. Авиациялық

орталықтың жалпы құрылысының ауданы 62 660 шаршы метрді құрайды. Бүгінде ҚР Қарулы Күштерінің мүддесінде ғана мүмкіндіктерді іске асырып қоймай, сонымен бірге өңірлік деңгейге шығуға мүмкіндік беретін бірден-бір орталық.

10. «Еврокоптер Қазақстан инжиниринг» АҚ - Франциямен бірлескен тікұшақ жасау кәсіпорны 2011 жылы Астана қаласында құрылды. Қазіргі күнде зауыт ЕС-145 тамаша көпфункционалды тікұшақтарын құрастырумен және әсері ұшқыштарға білім берумен айналысады. Сыйымдылығы ұшқыштар мен жолаушылар үшін 12 орын, бұл көпмақсатты тікұшақ өзінде "Еврокоптер" компаниясының заманауи дизайн салоны, жетілдірілген жүйесі, авиониктер мен электрониканы біріктіреді. Қазақстанда жасалған осы тікұшақтар елдің Әскери-әуе күштері мен Төтенше жағдайлар комитетінде қолданылады.

11. «Қазақстан Aselsan инжиниринг» АҚ – 2013 жылы Астанада электронды-оптикалық құрылғылар өндіретін қазақ-түрік бірлескен кәсіпорны ашылды. Бірлескен жобадағы Қазақстанның алғашқы кездегі үлесі 20 пайызды құрайды, 5 жыл ішінде ол 67 пайызға дейін артатын болады. Зауыт су асты кемелерінен бастап ғарыш кемелеріне дейін әртүрлі техникада қолданатын электронды платтардың кең спектрін шығару мүмкіндігіне ие. Зауытты дамытудың келесі кезеңі дербес инфрақызыл линзалар шығару өндірісін ұйымдастыру болып табылады. Бұл ТМД-да осындай сападағы өнім өндіретін бірінші кәсіпорын болып табылады. Қазіргі күнде зауыттың шығаратын электронды-оптикалық құрылғылары, яғни әскери көздеуіштері мен оқ ататын модульдері ҚР Қарулы күштерінде аса қолданылып жатыр.

12. «Қазақстан Парамаунт Инжиниринг» ЖШС – Оңтүстік Африка Республикасының «Парамаунт групп» компаниясымен бірлескен кәсіпорны 2015 жылы Астана қаласында құрылды. Зауыттың өндірістік қуаты жылына өз санаты бойынша бірқатар көрсеткіштер жөнінен үздік саналатын доңғалақты броньды 120 машина шығаруға жетеді. Зауытта өндірілетін барлық өнім халықаралық стандарт негізінде жасалатындықтан, оны Қазақстанның ішінде де, сыртқы нарықтарда да өткізуге мүмкіндік бар. Зауыттың танымал өнімі - «Арлан» броньды машинасы елордамызда өткен «KADEX-2016» халықаралық әскери көрмеде және Ресейде өткен «Армия-2016» форумында ұмытылмас әсер қалдырды. Арланның «САРП» жауынгерлік модулінің көздеуші операторы қозғалыста машинаның қару-жарағын тұрақтандыра отырып, межелерді жоюмен оқ атудың жақсы нәтижелерін көрсетеді [8]. Жалпы, «Арлан» - заманауи соғыс жағдайларына сай құрастырылған аса брондалған, ішіндегі әскердің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін жауынгерлік машина. Биыл Қазақстан Қарулы Күштерінің арсеналы осы отандық брондалған көліктерімен толықты.

Қорытындылай келе, Қазақстанның әскери-өнеркәсіп кешені дұрыс бағытта дамып келе жатқандығына көз жеткізіп отырмыз. Мәселен, 2016

жылдың 6 қазанында Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың Жарлығымен Қазақстан Республикасының Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі құрылды [9]. Яғни, жаңадан құрылған министрлік Қазақстанның әскери-өнеркәсіп кешенін одан әрі дамыту, жетілдіру және қазақстандық әскерді заманауи қару-жарақ, техникамен қамтамасыз етуге бағытталған. Атақты француз императоры Наполеон Бонапарт: «Өз армиясын тамақтандыруға келмейтін халық бөгде армияны тамақтандыруға мәжбүр болады» деп айтқан еді. Сөйтіп, қазіргі кезде Қазақстанның мемлекеттік саясатындағы басты мәселесі - қорғанысқа бюджеттегі қаржының аз бөлінуі. Өйткені, қорғанысқа бөлінетін қаржы 37,7 трлн теңгені (2015 ж.) құрайды. Бұл әскерді керекті әлеуметтік, материалдық жағынан қамсыздандырудың көлемі тым аз болып саналады.

Осыған орай қазіргі саяси және қауіпсіздік дағдарыс заманында еліміздің мықты қорғаныс бағытын сақтау үшін төмендегідей ұсыныстарды ұсынғым келеді:

- Елдің қорғаныс бюджетін 2 млрдтан 10 млрд долларға дейін көтеру;
- Әлемнің ірі әскери-өнеркәсіп компанияларымен келісіп, ел аумағында бірлескен қорғаныс кәсіпорындарын құру;
- Республикада бұрыннан қалыптасқан әскери-кәсіпорындарды одан әрі жетілдіру және түпкілікті модернизациядан өткізу қажет.

Сонымен, қазақстандық әскери-өнеркәсіп кешеннің болашағы зор және оның өндірілетін өнімдері Қазақстан Республикасының атағын бүкіл дүниежүзілік саяси аренада жоғарлатуына сенімдіміз.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1 Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: Әскери іс. Алматы: «Мектеп» ААҚ, 2001 жыл, 74Б

2 Аманжолов К. Қазақстанның қарулы күштері және оның түрлері // Қазақ тарихы. Алматы. 1999 жыл, 19Б

3 Қазақстан әскери қорғаныс саласы рейтингінде 53-орынға тұрақтады мақаласы, Әсел Сарқыт, <https://szh.kz/14141/qazaqstan-askeri-qorghany-salasy-reytinginde-53-oryngha-turaqtady/>

4 Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: Әскери іс. Алматы: «Мектеп» ААҚ, 2001 жыл, 91Б

5 Список 100 крупнейших мировых компаний ВПК (2013), <https://ru.wikipedia.org/wiki/>

6 История ВПК Казахстана, http://military-kz.ucoz.org/index/istorija_vpk_kazakhstan/0-44

7 «Қазақстан инжиниринг» Ұлттық компанияның сипаттамасы, <http://ke.kz/kz/kompaniya/opisanie.html>

8 «Қазақстан инжиниринг» Ұлттық компанияның құрылымы, <http://ke.kz/kz/kompaniya/struktura.html>

9 «Қазақстанда Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі құрылды»,
http://www.inform.kz/kz/kazakstanda-korganys-zhane-aerogarysh-onerkasibi-ministrligi-kuryldy_a2956722

Бакытбекова Эльвира
студентка 3 курса специальности «Политология»
ЕНУ им. Л. Н. Гумилева
г. Астана, Казахстан

(Научный руководитель: к.полит.н., профессор Онучко М.Ю.)

АНАЛИЗ РОССИЙСКОГО ОПЫТА ПРОТИВОДЕЙСТВИЯ ТЕРРОРИЗМУ

В Российской Федерации правовую основу противодействия терроризму составляют Конституция РФ, международные договоры, Федеральный закон от 25 июля 2002г. №114-ФЗ «О противодействии экстремисткой деятельности», Федеральный закон от 06 марта 2006г. №35-ФЗ «О противодействии терроризму» и др. акты.

В Законе о противодействии терроризму дается следующее определение – «идеология насилия и практика воздействия на принятие решения органами государственной власти, органами местного самоуправления или международными организациями, связанные с устрашением населения и (или) иными формами противоправных насильственных действий».

В п. 4 ст. 3 Федерального закона «О противодействии терроризму» указано, что противодействие терроризму осуществляется посредством его предупреждения, в том числе выявления и последующего устранения причин и условий, способствующих совершению террористических актов (профилактика терроризма); выявления, предупреждения, пресечения, раскрытия и расследования террористического акта (борьба с терроризмом); а также минимизации и (или) ликвидации последствий проявлений терроризма. Существенное значение в сфере противодействия терроризму имеет Уголовный кодекс Российской Федерации, в ст. 205 которого дается понятие террористического акта с указанием его целей – дестабилизации деятельности органов власти или международных организаций либо воздействия на принятие ими решений.

В связи с возросшей угрозой терроризма национальной безопасности 5 октября 2009 г. утверждена Концепция противодействия терроризму в Российской Федерации, которая определяет основные принципы государственной политики в данной области, цель, задачи и на- правления